



SOUTH KAZAKHSTAN
**MEDICAL
ACADEMY**



«ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕДИЦИНА АКАДЕМИЯСЫ»

ХАБАРШЫСЫ

«ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКОЙ МЕДИЦИНСКОЙ АКАДЕМИИ»

ВЕСТНИК

OF THE SOUTH-KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY

VESTNIK

№4(98), 2022, том VI

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

РЕСПУБЛИКАНСКИЙ
НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ

REPUBLICAN
SCIENTIFIC JOURNAL

ОҢТУСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕДИЦИНА АКАДЕМИЯСЫНЫҢ ХАБАРШЫСЫ

№4 (98), 2022, том VI

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
“VESTNIK”

of the South-Kazakhstan medicina academy
REPUBLICAN SCIENTIFIC JOURNAL

Основан с мая 1998 г.

Учредитель:

**АО «Южно-Казахстанская
медицинская академия»**

**Журнал перерегистрирован
Министерством информации и
коммуникаций Республики Казахстан
Регистрационное свидетельство
№17199-ж от 04.07.2018 года.
ISSN 1562-2967**

**«Вестник ЮКМА» зарегистрирован в
Международном центре по
регистрации сериальных изданий
ISSN(ЮНЕСКО, г.Париж,Франция),
присвоен международный номер ISSN
2306-6822**

**Журнал индексируется в КазБЦ; в
международной базе данных
Information Service, for Physics,
Electronics and Computing
(InspecDirect)**

Адрес редакции:
160019 Республика Казахстан,
г. Шымкент, пл. Аль-Фараби, 1
Тел.: 8(725-2) 39-57-57, (1095)
Факс: 40-82-19
www.ukgfa.kz, ukgma.kz
e-mail: medacadem@rambler.ru,
raihan_ukgfa@mail.ru

Главный редактор

Рысбеков М.М., доктор мед. наук., профессор

Заместитель главного редактора

Нурмашев Б.К., кандидат медицинских наук,
профессор

Редактор научного журнала

Шаймерденова Р.А., член Союза журналистов
Казахстана

Редакционная коллегия:

Абдурахманов Б.А., кандидат мед.н., доцент
Абуова Г.Н., кандидат мед.н., доцент
Анартаева М.У., доктор мед.наук, доцент
Кауызбай Ж.А., кандидат мед.н., доцент
Ордабаева С.К., доктор фарм. наук, профессор
Орманов Н.Ж., доктор мед.наук, профессор
Сагиндыкова Б.А., доктор фарм.наук, профессор
Сисабеков. К.Е., доктор мед. наук, профессор
Шертаева К.Д., доктор фарм.наук, профессор

Редакционный совет:

Бачек Т., асс.профессор(г.Гданьск, Республика
Польша)
Gasparyan Armen Y., MD, PhD, FESC, Associated
Professor (Dudley, UK)
Георгиянц В.А., д.фарм.н., профессор (г.Харьков,
Украина)
Дроздова И.Л., д.фарм.н., профессор (г.Курск,
Россия)
Корчевский А. Phd, Doctor of Science
(г.Колумбия, США)
Раменская Г.В., д.фарм.н., профессор (г.Москва,
Россия)
Халиуллин Ф.А., д.фарм.н., профессор (г.Уфа,
Россия)
Иоханна Хейкиля, (Университет JAMK,
Финляндия)
Хеннеле Титтанен, (Университет LAMK,
Финляндия)
Шнитовска М.,Prof.,Phd., M.Pharm (г.Гданьск,
Республика Польша)



**«БИОЛОГИЯ, МЕДИЦИНА ЖӘНЕ ФАРМАЦИЯНЫҢ ДАМУ БОЛАШАҒЫ»
атты жас ғалымдар мен студенттердің ІХ халықаралық ғылыми конференциясы
8-9 желтоқсан 2022 жыл**

**IX международная научная конференция молодых ученых и студентов
«ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ БИОЛОГИИ, МЕДИЦИНЫ И ФАРМАЦИИ»
8-9 декабря 2022 года**

**IX International scientific conference of young scientists and students
«PROSPECTS FOR THE DEVELOPMENT OF BIOLOGY, MEDICINE AND PHARMACY»
8-9 December, 2022**

КОНФЕРЕНЦИЯ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫСЫ

**Нұрсұлтан Назарбаев қоры жанындағы Ғылым жөніндегі кеңесі және
«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ мен Абуали ибни Сино атындағы Тәжік мемлекеттік
медицина университеті**

ОРГАНИЗАТОР КОНФЕРЕНЦИИ

**Совет по науке при Фонде Нурсултана Назарбаева и АО «Южно-Казахстанская медицинская
академия» совместно с Таджикским государственным медицинским университетом им. Абуали ибни
Сино**

CONFERENCE ORGANIZER

**Nursultan Nazarbayev Foundation and South Kazakhstan Medical Academy together with the Avicenna
Tajik State Medical University**

Секция «ГУМАНИТАРНЫЕ АСПЕКТЫ МЕДИЦИНСКОГО И ФАРМАЦЕВТИЧЕСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ»

МРНТИ 76.75.33; 14.35.09

¹Алимбатыров М.Р., ²Түлебаев Е.А.

1. «Қарағанды медицина университеті» КеАҚ Фармация мектебінің «Фармация» мамандығының 1 курс студенті, Қарағанды, Қазақстан, E-mail: alimbatyrov2000@mail.ru
2. «Қарағанды медицина университеті» КеАҚ Фармация мектебінің оқытушысы, «PARACELS» ЖШС дәріханалар жүйесінің бөлшектік сауда директоры, фармация магистрі, Қарағанды, Қазақстан, E-mail: tulebaeverbolat@mail.ru

ФАРМАЦЕВТЕРДІ ДАЙЫНДАУДА АҚПАРАТТЫҚ РЕСУРСТАРДЫ ҰТЫМДЫ ҚОЛДАНУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Түйін

Фармация саласындағы студент пен қызметкердің өз тәжірибесінде кәсіби ақпараттың ресми және дәлелденген көздерімен ғана қолдануға рұқсат етілген. Дегенмен де, фармацевтикалық кеңес беру кезінде қате немесе жалған ақпараттың таралып, халықтың денсаулығына зардабын тигізу тәуекелі бар. Осыған орай осы мақалада біз дәрілік заттар саласындағы қолжетімді ақпараттық ресурстар көздерін іздестіру бойынша әдеби шолу жасалған. Фармацевт мамандарын дайындауда осы дерекқорларды ұтымды пайдалану дағдыларын қалыптастыру мүмкіндіктері қарастырылған. **Мақсаты:** фармация саласындағы ақпараттық ресурстарды іздестіру, топтастыру, фармацевтикалық білім берудегі дағдыларды қалыптастырудағы практикалық маңыздылығын анықтау. **Материалдар мен әдістер:** «Қарағанды медицина университеті» КеАҚ Фармация мектебі студенттері үшін университеттің ресми сайтындағы ұлттық және халықаралық дерекқорлардың ақпараттық ресурстарына сілтемелерді қолдана отырып, әдеби шолу жасау. **Тұжырымдамалар:** фармация саласындағы қолжетімді ақпараттық ресурстары жинақталды, оларға сипаттама берілді, оларды білім беру жүйесінде қолданудың практикалық маңыздылығы анықталды.

Кілт сөздер: ақпараттық ресурстар, фармацевтикалық ақпарат, фармацевтикалық кеңес, фармацевтикалық білім беру, дағды

Кіріспе. Кез келген мемлекет дамуының ұлттық инновациялық жолы ғылыми-техникалық ақпарат жүйесінің дамуымен қатар жүруі керек және онсыз болу мүмкін емес.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы (ҚР) денсаулық сақтау жүйесінің цифрлық форматқа ауысуы, ақпараттық технологиялардың, коммерциялық және электронды ақпарат көздерінің көптігі, олардың дәлелдік базасы мен нақтылығы тек қана тұрғындарды ғана емес, сонымен қоса медицина және фармация мамандарын да ақпаратты дұрыс қолданбауға, жариялауға алып келетіні белгілі [1-2].

Медицина және фармация саласының қызметкерлері дәрілік заттар айналысы саласында білімін, ақпарат қорын үнемі жаңартып, толықтырып отыруға міндетті. Себебі фармацевтикалық кеңес беру кезінде ақпараттың ішінде неғұрлым жалған, бейресми, дәлелденбеген мәліметтердің таралуы жиірек болса, соғұрлым оларды тұтынатын адамдардың денсаулығына зиян тиіу тәуекелдері жоғарырақ болады.

Фармацевтикалық ақпарат халықты сапалы дәрілік заттармен қамтамасыз етудің ғылыми-техникалық, медициналық, нормативтік-құқықтық, ақпараттық-әдістемелік, экономикалық, маркетингтік және басқарушылық аспектілерімен тығыз байланысты.

Фармация саласы бойынша мамандарды даярлау кезінде білім бағдарламалары мен біліктілікті арттыру курстарының оқыту нәтижелерін - кәсіби ақпаратты іздеу, жинау, өңдеу, талдау және оны тәжірибеде ұтымды пайдалану дағдыларын қалыптастыру фармацевтикалық білім беру жүйесіндегі өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Мақсаты: фармация саласындағы ақпараттық ресурстарды іздестіру, топтастыру, фармацев-тикалық білім берудегі дағдыларды қалыптастырудағы практикалық маңыздылығын анықтау.

Материалдар мен әдістер: «Қарағанды медицина университеті» КеАҚ (бұдан былай «ҚМУ» КеАҚ) Фармация мектебі студенттері үшін университеттің ресми сайтындағы ұлттық және халықаралық дерекқорлардың ақпараттық ресурстарына сілтемелерді қолдана отырып, әдеби шолу жасау.

Олардың ішінде тестілік, жабық (жазылу бойынша) және ашық (тегін) қол жеткізу ресурстары да бар (Кесте №1) [3].

Кесте 1. Медицина және фармация бағытындағы ақпараттық ресурстарға сілтемелер

№	Қол жеткізу түрі	Ресурстарының атауы, қысқаша мазмұны	Сілтеме
1	Тестілік	AMBOSS - Клиникалық тақырыптар бойынша кең кітапхананы және сұрақтар банкін қамтитын медицина бойынша білім беру платформасы.	[4]
		Lecturio - Әлемдегі жетекші университеттердің профессорларының мазмұнын қамтитын жоғары дәлдіктегі медицинаның жаңа буынын оқыту платформасы.	[5]
		CBS Publishers - CBS Publishers & Distributors Pvt. Ltd. баспасынан медициналық әдебиеттерге қол жетімділікті қамтамасыз ететін EduPortGlobal білім беру порталы.	[6]
		Book-UP ЭКЖ - Медициналық тақырыптағы кітаптар жинақталған электронды кітапхана жүйесі: әлемнің жетекші баспаларының сапалы түпнұсқаларының электронды нұсқалары.	[7]
2	Жазылу бойынша дерекқорлар	Web of Science (Clarivate) - журнал мақалалары, ғылыми конференциялар мен монографиялардың мультидисциплинарлық аналитикалық реферативтік базасы.	[8]
		Scopus – Аннотациялар мен мәліметтерді талдаудың және визуалдаудың енгізілген рецензияланатын ғылыми әдебиеттің дәйексөзділігі библиометриялық құралдарымен қадағалайтыны туралы ақпараттарды қамтитын ең ірі мәліметтер қоры.	[9]
		Science Direct - Elsevier ақпараттық платформасының баспасында 13 млн астам жарияланымға қолжетімділікке мүмкіндік береді.	[10]
		Cochrane Library Медицина және медициналық зерттеулер саласындағы сарапшыларды қолдау үшін құрылған әртүрлі тәуелсіз, жоғары сапалы шолулар мен бақылауларды қамтитын мәліметтер жинақтамасы.	[11]
		«Студенттік кеңесші», «Дәрігер кеңесшісі» электронды кітапханалары.	[12-13]
		«Эпиграф» электронды кітаптары баспасы мен мультимедиялық оқулықтар порталы.	[14-15]
		«Акнурpress» сандық кітапханасы	[16]
		«Лань» Электрондық кітапханалық жүйесі	[17]
Республикалық жоғары оқу орындары арасындағы электрондық кітапхана - Қазақстанның жоғары оқу орындарының электрондық ресурстарын біріктіретін бірыңғай мәліметтер базасы.	[18]		
3	Ашық (тегін)	eLIBRARY.RU Ғылыми Электронды кітапханасы - Ресейлік ғылыми дәйексөз индексі қорына кіретін 34 млн. астам ғылыми жарияланымдар мен патенттердің рефераттары мен толық мәтіндері	[19]
		PubMed - Биомедициналық тақырып бойынша рефераттық деректер базасы. PubMed құрамында MEDLINE ғылыми журналдары бар.	[20]
		Wiley Online Library - Қазіргі ғылым мен білімнің барлық салаларындағы толық мәтінді ғылыми ресурстарды басып шығаратын көпсалалы мультидисциплинарлық баспа	[21]
		Coursera - Стэнфорд университетінің информатика профессорлары әзірлеген жаппай онлайн-білім беру саласындағы жоба.	[22]

		«Қазақстанның клиникалық медицинасы» журналы - көп салалы халықаралық рецензияланған медициналық журнал.	[23]
4	Интернет ресурстары: 4.1. Ресми органдар сайты	Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдардың бірыңғай платформасы – Министрліктер, Комитеттер, Департаменттер, Әкімшіліктердің ресми интернет-ресурстары	[24]
		Әділет - Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі	[25]
		Қазақстан ұлттық дәрілік формуляры – дәрілік заттардың АТХ жіктемесі, монографиялары	[26]
		ҚР ДСМ «Ұлттық ғылыми денсаулық сақтауды дамыту орталығы» сайты – ҚР ДСМ бекітілген клиникалық хаттамалары мен денсаулық сақтау жүйесіндегі статистикалық мәліметтер көзі	[27]
		ҚР ДСМ дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау Ұлттық орталығы	[28]
		Дәрілік заттардың мемлекеттік реестрі – ҚР ДЗ мен МБ Ұлттық сараптау орталығындағы ДЗ туралы деректер: тіркеу нөмірі, құрамы, өндірушісі, медициналық қолдану бойынша нұсқаулығы, бекітілген қаптама макеттері	[29]
		4.2. Фармация саласындағы ғылыми-аналитикалық басылымдар	Фармация Казахстана - ғылыми ақпараттық-аналитикалық журналы
«Фармацевтическое обозрение Казахстана» - «pharm.reviews» фармацевтер мен дәрігерлерге арналған желілік басылымында ҚР Денсаулық сақтау саласының мен дәрі-дәрмектер нарығының ең өзекті ақпарат жарияланады.	[31]		
«Казахстанский фармацевтический вестник» - дәрілік заттар айналымы саласындағы мамандарға арналған ақпараттық-талдамалық газетасы.	[32]		
«VI-ORTIS» ЖШС - Қазақстан Республикасының фармацевтикалық нарығының сараптамалық талдауы (коммерциялық маркетингтік ақпарат түрі де бар).	[33]		
4.3. Фармация саласындағы қауымдастықтар сайты	«Қазақстан Республикасының фармацевтикалық қызметін қолдау және дамыту қауымдастығы» сайты	[34]	
	«Халықаралық дәрі-дәрмек өндірушілер қауымдастығы» (AIPM) сайты	[35]	
	«Клиникалық фармакологтар мен фармацевтердің кәсіби қауымдастығы» сайты	[36]	
4.5. Анықтама-лық сайттар	«СҚ-Фармация» Бірыңғай дистрибьютор сайты және ТМККК шеңберіндегі интерактивті анықтамалығы	[37]	
	«I-teka.kz» ЖШС бірыңғай ақпараттық қызмет сайты – ДЗ-ды іздестіру, дәріхана мен медициналық қызметкерлер туралы ақпарат көзі.	[38]	
	103.KZ – Қазақстандағы «Медпортал 103» ЖШС-нің ДЗ-ды іздестіру, дәріхана мен медициналық қызметкерлер туралы халықаралық платформасы	[39]	

«ҚМУ» КеАҚ Фармация мектебінің білім алушылары үшін «Фармациядағы ақпараттық ресурстары» (бакалавриат) және «Фармацевтикалық ақпарат» (магистратура) таңдау пәндері жоғарыда аталған ақпараттық ресурстары пайдалана отырып, оқытылады. Осы пәндерді оқытудың мақсаты - студенттердің болашақ кәсіби қызметінде фармацевтикалық ақпарат жүйесін ұйымдастырудың негізгі принциптерін, әдістері мен түрлерін қолдану бойынша қажетті білімдерін, дағдыларын қалыптастыру. Осы ресурстардан алынған ақпарат Фармация мектебінің Студенттік ғылыми үйірмесінде де, ғылыми-практикалық конференцияларда да насихатталады [40-41].

Тұжырымдамалар: фармация мамандығындағы студент пен қызметкер жоғарыдағы ақпараттық ресурстарды қолдана отырып, келесі дағдыларды өз тәжірибесінде қалыптастыра алады:

- Ақпаратты іздеу, жинау, өңдеу, талдау;
- Өз білімін өзектендіру, жаңарту, толықтыру;
- Тұрғындарға сапалы фармацевтикалық кеңес беру;

- Жалған мәліметтен дәлелді ақпаратты ажырату;
- Өзекті ғылыми-техникалық ақпаратпен уақытылы танысу;
- Ғылыми жұмыспен шұғылдану (әдеби шолу);
- Ғылыми мақала, диссертация жазу, баяндама жасау және қорғау.

Осылайша, фармацевтерді дайындауда ақпараттық ресурстарды ұтымды пайдалану, ақпараттық мәдениет негіздері және компьютерлік ақпараттық жүйелерді дамытудың заманауи әдістемесі маманның практикалық жұмыс дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1) "Дені сау ұлт" әрбір азамат үшін сапалы және қолжетімді денсаулық сақтау" ұлттық жобасын бекіту туралы // Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 725 қаулысы. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000725> (назар аударған күні: 10.10.2022 ж.).

2) Алимбатыров М.Р., Тулебаев Е.А. Заманауи ақпараттық-маркетингтік құралдардың халықты дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етудегі рөлі // Оңтүстік Қазақстан Медицина Академиясы, Хабаршы №4(942, том 3, 2021 жыл, 77-78 б.

3) «Қарағанды медицина университеті» КеАҚ (бұдан былай «ҚМУ» КеАҚ) Фармация мектебі студенттері үшін университеттің ресми сайтында әлемнің халықаралық дерекқорлардың ақпараттық ресурстарына сілтемелер // URL: <https://qmu.edu.kz/kz/contents/view/511> (назар аударған күні: 09.10.2022 ж.).

4) AMBOSS - Клиникалық тақырыптар бойынша кең кітапхананы және сұрақтар банкіні қамтитын медицина бойынша білім беру платформасы. // URL: <https://next.amboss.com/> (назар аударған күні: 09.10.2022 ж.).

5) Lectorio - Әлемдегі жетекші университеттердің профессорларының мазмұнын қамтитын жоғары дәлдіктегі медицинаның жаңа буынын оқыту платформасы. // URL: <https://qmu-edu.lecturio.com/> (назар аударған күні: 09.10.2022 ж.).

6) CBS Publishers - CBS Publishers & Distributors Pvt. Ltd. баспасынан медициналық әдебиеттерге қол жетімділікті қамтамасыз ететін EduPortGlobal білім беру порталы // URL: <https://eduport-global.com/> (назар аударған күні: 09.10.2022 ж.).

7) Book-UP Электронды кітапхана жүйесінің сайты // URL: <https://www.books-up.ru/> (назар аударған күні: 09.10.2022 ж.).

8) Web of Science (Clarivate) - журнал мақалалары, ғылыми конференциялар мен монографиялардың мультидисциплинарлық аналитикалық реферативтік базасы // URL: <https://access.clarivate.com> (назар аударған күні: 09.10.2022 ж.).

9) Scopus – Аннотациялар мен мәліметтерді талдаудың және визуалдаудың енгізілген рецензияланатын ғылыми әдебиеттің дәйексөзділігі библиометриялық құралдарымен қадағалайтыны туралы ақпараттарды қамтитын ең ірі мәліметтер қоры. // URL: <https://www.scopus.com> (назар аударған күні: 09.10.2022 ж.).

10) Science Direct - Elsevier ақпараттық платформасының сайты // URL: <https://www.sciencedirect.com> (назар аударған күні: 09.10.2022 ж.).

11) Cochrane Library Медицина және медициналық зерттеулер саласындағы сарапшыларды қолдау үшін құрылған әртүрлі тәуелсіз, жоғары сапалы шолулар мен бақылауларды қамтитын мәліметтер жинақтамасының сайты // URL: <https://www.cochranelibrary.com> (назар аударған күні: 09.10.2022 ж.).

12) «Дәрігер кеңесшісі» электронды кітапханасының сайты // URL: <https://www.rosmedlib.ru/> (назар аударған күні: 09.10.2022 ж.).

13) «Студенттік кеңесшісі» электронды кітапханасының сайты // URL: <https://www.studentlibrary.ru/> (назар аударған күні: 09.10.2022 ж.).

14) «Эпиграф» электронды кітаптары баспасы сайты // URL: <https://elib.kz/ru/search/> (назар аударған күні: 09.10.2022 ж.).

15) «Эпиграф» мультимедиялық оқулықтар порталы // URL: <https://mbook.kz/> (назар аударған күні: 09.10.2022 ж.).

16) «Aknurpress» сандық кітапханасының сайты // URL: <https://aknurpress.kz/> (назар аударған күні: 09.10.2022 ж.).

17) «Лань» Электрондық кітапханалық жүйесі // URL: <https://e.lanbook.com/> (назар аударған күні: 09.10.2022 ж.).

- 18) Республикалық жоғары оқу орындары арасындағы электрондық кітапхана сайты. // URL: <http://rmebrk.kz/> (назар аударған күні: 09.10.2022 ж.).
- 19) eLIBRARY.RU Ғылыми Электронды кітапханасының сайты// URL: <https://www.elibrary.ru/> (назар аударған күні: 20.10.2022 ж.).
- 20) PubMed - Биомедициналық тақырып бойынша рефераттық деректер базасы // URL: <https://pubmed.ncbi.nlm.nih.gov/> (назар аударған күні: 20.10.2022 ж.).
- 21) Wiley Online Library - Қазіргі ғылым мен білімнің барлық салаларындағы толық мәтінді ғылыми ресурстарды басып шығаратын көпсалалы мультидисциплинарлық баспа сайты // URL: <https://onlinelibrary.wiley.com/> (назар аударған күні: 20.10.2022 ж.).
- 22) Coursera - Стэнфорд университетінің информатика профессорлары әзірлеген жаппай онлайн-білім беру саласындағы жоба сайты // URL: <https://www.coursera.org/> (назар аударған күні: 20.10.2022 ж.).
- 23) «Қазақстанның клиникалық медицинасы» журналы - көп салалы халықаралық рецензияланған медициналық журнал сайты // URL: <https://www.clinmedkaz.org/> (назар аударған күні: 20.10.2022 ж.).
- 24) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдардың бірыңғай платформасы // URL: <https://www.gov.kz> (назар аударған күні: 11.10.2022 ж.).
- 25) Әділет - Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі сайты // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz> (назар аударған күні: 11.10.2022 ж.).
- 26) Қазақстан ұлттық дәрілік формуляры сайты // URL: <https://www.knf.kz> (назар аударған күні: 11.10.2022 ж.).
- 27) ҚР ДСМ «Ұлттық ғылыми денсаулық сақтауды дамыту орталығы» сайты // URL: <http://www.rcrz.kz/> (назар аударған күні: 11.10.2022 ж.).
- 28) ҚР ДСМ дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау Ұлттық орталығы // URL: <https://www.ndda.kz/> (назар аударған күні: 11.10.2022 ж.).
- 29) Дәрілік заттардың мемлекеттік реестрі – ҚР ДЗ мен МБ Ұлттық сараптау орталығындағы ДЗ туралы деректер: тіркеу нөмірі, құрамы, өндірушісі, медициналық қолдану бойынша нұсқаулығы, бекітілген қаптама макеттері // URL: <http://register.ndda.kz/> (назар аударған күні: 11.10.2022 ж.).
- 30) Фармация Казахстана - ғылыми ақпараттық-аналитикалық журналы// URL: <http://pharmkaz.kz> (назар аударған күні: 11.10.2022 ж.).
- 31) «Фармацевтическое обозрение Казахстана» - «pharm.reviews» фармацевтер мен дәрігерлерге арналған желілік басылымы сайты // URL: <https://pharm.reviews> (назар аударған күні: 11.10.2022 ж.).
- 32) «Казахстанский фармацевтический вестник» - дәрілік заттар айналымы саласындағы мамандарға арналған ақпараттық-талдамалық газетасы // URL: <https://pharmnews.kz.com> (назар аударған күні: 11.10.2022 ж.).
- 33) «VI-ORTIS» ЖШС-Қазақстан Республикасының фармацевтикалық нарығының сараптамалық талдауы ресми сайты //URL: <https://www.viortis.com> (назар аударған күні: 11.10.2022 ж.).
- 34) «Қазақстан Республикасының фармацевтикалық қызметін қолдау және дамыту қауымдастығы» сайты // URL: <https://aprfd.kz> (назар аударған күні: 12.10.2022 ж.).
- 35) «Халықаралық дәрі-дәрмек өндірушілер қауымдастығы» (AIPM) сайты// URL: <https://aipm.kz/>(назар аударған күні: 12.10.2022 ж.).
- 36) «Клиникалық фармакологтар мен фармацевтердің кәсіби қауымдастығы» сайты // URL: <https://clinpharm.kz> (назар аударған күні: 12.10.2022 ж.).
- 37) «СҚ-Фармация» Бірыңғай дистрибьютор сайты және ТМККК шеңберіндегі интерактивті анықтамалығы // URL: <https://sk-pharmacy.kz/> (назар аударған күні: 12.10.2022 ж.).
- 38) «I-teka.kz» ЖШС бірыңғай ақпараттық қызмет сайты // URL: <https://i-teka.kz/> (назар аударған күні: 12.10.2022 ж.).
- 39) 103.KZ – Қазақстандағы «Медпортал 103» ЖШС-нің ДЗ-ды іздестіру, дәріхана мен медициналық қызметкерлер туралы халықаралық платформасы // URL: <https://apteka.103.kz/> (назар аударған күні: 12.10.2022 ж.).
- 40) Алимбатыров М.Р., Тулебаев Е.А. Ғылыми үйірмелердің студенттік өмірдегі рөлі // Оңтүстік Қазақстан Медицина Академиясы, Хабаршы №4 (91), 2020 жыл, ТОМ III, 67-68 б.

41) Алимбатыров М.Р., Тулебаев Е.А. Фармация мектебінің Студенттік ғылыми үйірмесінің фармацевтикалық кадрларды қалыптастырудағы рөлі // Қазіргі заманғы маңызды мәселелер: Халықаралық ғылыми журнал №4(30) – 2020, 136-143 б.

РЕЗЮМЕ

Алимбатыров М.Р., Тулебаев Е.А.

ФОРМИРОВАНИЕ НАВЫКОВ РАЦИОНАЛЬНОГО ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ИНФОРМАЦИОННЫХ РЕСУРСОВ ПРИ ПОДГОТОВКЕ ФАРМАЦЕВТОВ

Студент и работник сферы фармации в своей практике должны использовать профессиональную информацию только из официальных и проверенных источников. Тем не менее, распространение ошибочной или ложной информации во время фармацевтического консультирования может быть, тем самым увеличивает риск причинения вреда здоровью населения. В связи с этим в данной статье нами проведен обзор литературы по поиску доступных источников информационных ресурсов в сфере обращения лекарственных средств. При подготовке специалистов-фармацевтов предусмотрены возможности формирования навыков рационального использования актуальных баз данных. **Цель:** поиск, группировка информационных ресурсов в области фармации, определение практической значимости в формировании навыков при фармацевтического образования. **Материалы и методы:** обзор литературы для студентов Школы фармации НАО «Медицинский университет Караганды» с использованием ссылок на информационные ресурсы национальных и международных баз данных на официальном сайте данного университета. **Выводы:** обобщены доступные информационные ресурсы в области фармации, дана их характеристика, определена практическая значимость их использования в системе образования.

Ключевые слова: информационные ресурсы, фармацевтическая информация, фармацевтическое консультирование, фармацевтическое образование, навыки

SUMMARY

Alimbatyrov M.R., Tulebayev Ye.A.

FORMATION OF SKILLS FOR RATIONAL USE OF INFORMATION RESOURCES IN TRAINING PHARMACISTS

A student and a pharmacy worker in their practice should use professional information only from official and trusted sources. However, the dissemination of erroneous or false information during pharmaceutical counseling may thereby increase the risk of harm to public health. In this regard, in this article we have reviewed the literature on the search for available sources of information resources in the field of drug circulation. In the training of pharmacists, opportunities are provided for developing skills for the rational use of up-to-date databases. **Purpose:** search, grouping of information resources in the field of pharmacy, determination of practical significance in the formation of skills in pharmaceutical education. **Materials and methods:** literature review for students of the School of Pharmacy NCJSC "Karaganda Medical University" using links to information resources of national and international databases on the official website of this university. **Conclusions:** the available information resources in the field of pharmacy are summarized, their characteristics are given, the practical significance of their use in the education system is determined.

Keywords: information resources, pharmaceutical information, pharmaceutical consulting, pharmaceutical education, skills

Авторлар туралы мәлімет:

1. Алимбатыров М.Р. - «Қарағанды медицина университеті» КеАҚ Фармация мектебінің «Фармация» мамандығының 1 курс студенті, Қарағанды, Қазақстан, E-mail: alimbatyrov2000@mail.ru, тел.: +7 7072586661, Бухар-Жырау 92/3
2. Тулебаев Е.А. - «Қарағанды медицина университеті» КеАҚ Фармация мектебінің оқытушысы, «PARACELS» ЖШС дәріханалар жүйесінің бөлшектік сауда директоры, фармация магистрі, Қарағанды, Қазақстан, E-mail: tulebaeverbolat@mail.ru, тел.: +7 7471901907, мекен-жайы: Қазақстан, Қарағанды, 16-28-61.

УДК 378.096:004

МАЙЛЫ ҚОЖА - ҚАЗАҚТЫҢ ХАЛЫҚ АҚЫНЫ

Керимбаева М.Б. ЖМҚА-04-22 тобының студенті, ОҚМА, Шымкент қ.,
kerimbayevamerey@gmail.com.

Ғылыми жетекші: Абдухаимов Е.Ф., т.ғ.к., профессор, ОҚМА, Шымкент қ.

Майлықожа Сұлтанқожаұлы 1835-жылы қазіргі Түркістан облысы Отырар ауданының Қожатоғай ауылында дүниеге келген, 1898-жылы Ордабасы ауданы Бадам ауылында қайтыс болған. Әкесі Сұлтанқожа мұсылманша сауатты, шағын дәулетті, көзі ашық, діндар адам болған.

Майлықожа ауыл молдасынан сауат ашып, кейін өз бетімен көп ізденіп, заманына сай білімді алған. 14 жасында әкесінен айырылған ақын тағдыр тауқыметін көп көріп, терме-толғаулар шығарып айтыс өнеріне бет бұрады. Ұлдары Асан, Жолбарыс, Исабек әкесінің жолын қуған сөз шебері апайтөс ақындар болып өмірден өткен. Майлықожа Сұлтанқожаұлы XIX-ғасырда өмір сүрген ақын-жыраулардың ішінде өзіндік орны ерекше, артына мол мұра қалдырып, халықтың ықыласына бөленген ақын. Атақты Жамбыл ақынның өзі оның ақындығына, ғибраты мол өлең-термелеріне «Майлықожа, Сүйінбай, пірім еді сыйынған» деп бағасын да беріп кеткен. Майлықожа Сұлтанқожаұлы өлеңдерін ауызша шығарған, өзі жазып қалдырған мұралары да кездеседі. Майлықожаның әдеби мұрасын жанры мен мазмұнына қарай бірнеше тақырыптарға бөлуге болады: ғибрат, нақылдар («Ер көгерер дұғамен», «Жолдас болсаң жақсымен», «Жақсы адам қартайса»), арнау өлеңдер («Ахмет төреге», «Тұрлыбекке», тағы басқалар), дастан-мысалдар («Қасқыр», «Тотынама», «Аңқау мен қу», «Шора батыр», «Үш жігіт»). Айтыстарына тоқталсақ Майлықожа ақынның Сүйінбай, Мәделіқожа Жүсіпқожаұлы, Күдеріқожа, Құлыншақ, Айман-Гүлханым, Ұлбике, қырғыз ақыны Жаныстармен сөз сайыстыруы ақын атамыздың терең ойлы шындықты ту еткен білімді шайыр екеніне көз жеткіземіз.[1]

Мысалы, замандасы Құлыншақ ақынның:

«Майлы, Майлы дегенмен май болмадың,

Жұрттан алып жегенмен бай болмадың» - дегеніне лезде сөз тауып:

Сен Құлыншақ болғалы талай болды.

Не құлын, не жабағы тай болмадың.

Немесе Гүлханым арудың:

Кедейсің қызды жылқысы көп бай алады-деген әзіліне:

Бибіміз тегін қызды күндемейді,

Алдың деп мұны қайдан үндемейді.

Батыр бір оқ, бай бір жұрт бәрі бекер,

Дүниенің байлығы тілде дейді, - деп орнықты, ойлы жауап береді.

Қырғыздың Асыл деген байының тойында қазақ ақындарына бет қаратпаған қырғыз ақыны

Жанысты тарих жолымен жіпсіз байлап:

Молдалар кітап оқып мән айтады.

Білмесе бекер сөзді неге айтады.

«Қыс-асыл әмбиенің» кітабында :

Қырғыздың ата тегін ит деп айтады - деп иттей қапқан Жаныс ақынды жолбарыстай талауы

Майлының мықтылығы Бұхара - Самарқанда білім алғандығының септігі.

Бірде Қасымбек болыстың бәйбішесі ақынның тартпа желдігін қойып

«Үш күн күттік бізді бір мақтамадың,

тартпа желдігіңмен құрып кеткір Майлықожа» дегеніне сөз сүлейі:

Қазақтың оза шапқан майлысы едім,

Бұл өлеңім болмаса қай кісі едім,

Бес-алты ауыз өлеңді айтып беріп,

Көңілін қош қылайын бәйбішенің

Жоғалмаса құрысын тартпа желдік

Бұрын қай ер-тоқымы сай кісі едім, - деп елді риза етіпті.[2]

Майлықожа ақынның бір топ өлеңдері Я.Лютитшінің құрастыруымен 1883 жылы Ташкентте басылып шыққан «Қырғыз хрестоматиясы» кітабына енген. Майлықожа Сұлтанқожаұлы ауыз

әдебиетін жақсы білген, фольклоршы Ә.Диваев мол деректерді Майлықожадан алған. Көптеген өлеңдері «Үш ғасыр жырлайды» (1964), «Бес ғасыр жырлайды» (1964), «Ай, заман-ай, заман-ай» (1991) кітаптарында және «Нақыл» (1972) атты жеке жинағында жарияланған. «Айтыс» жинағына (2 том, 1988) ақынның бірқатар айтыстары енген. Шымкент қаласында Майлықожа Сұлтанқожаұлына ескерткіш мүсін орнатылып, бір көшеге есімі берілген. 2009 жылы Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университетінің мәдениет орталығында ақын Майлықожа Сұлтанқожаұлының 175-жылдық мерейтойына арналған «Қазақ әдебиетіндегі кітаби ақындар дәстүрі» тақырыбында ғылыми-теориялық конференция болып өтті. Конференция қарсаңында ақынның жаңа табылған өлеңдері «Майлықожа» деген атпен кітап болып басылып шықты. 2010-жылы 9-желтоқсанда Астана қаласында, Қазақстан Республикасы президентінің мәдениет орталығында ақынның туылғанына 175-жылдығы құрметіне терме кеші өтті. Терме кеші құрметіне ақынның «Терме-толғау» атты кітабы шығарылды.

Әдебиеттер: 1. Қырғыз хрестоматиясы, 1983, Ташкент, 18-бет

2. Айтыс жинағы 2- том, 1988, 67-бет

УДК 378.096:004

МҰХАМЕДЖАН СЕРАЛИН – ҚАЗАҚ ЖУРНАЛИСТИКАСЫНЫҢ АТАСЫ

Маден А.А. ЖМҚБ-04-22 тобының студенті, ОҚМА, Шымкент қ., maden.akzhan@bk.ru

Ғылыми жетекші: Абдухаимов Е.Ф., т.ғ.к., профессор, ОҚМА, Шымкент қ.

XX ғасырдың басында қазақ даласында журналистиканың негізі қаланған. Бұл заманда өмір сүрген қазақ халқының көрнекті өкілдерінің арқасында ұлттық бұқаралық ақпарат құралдары пайда болған. Осындай тұлғалардың бірі - Мұхамеджан Сералин.

М. Сералин - табиғатынан дарынды, аналитикалық ойлау қабілеті, қоғамдағы барлық оқиғаларға өз көзқарасы бар тұлға. 1891 жылы Қостанайдағы 2-сыныптық орыс-татар мектебін үздік тәмамдады.

Қостанай қаласындағы орыс-татар мектебі

Содан соң Орынбор училищесіне қабылдау емтихандарын сәтті тапсырды. Бірақ қаржы қиыншылықтардан оқуды жалғастыра алмай, туған ауылына қайтып келді. Бұл жерде бірнеше жыл мұғалім болып жұмыс жасап, балаларға қазақ және орыс тілдерінен сабақ берді. Осы уақытта көптеген қазақ зиялылары кем дегенде орта білім алған. Сералин осындай білімге де қол жеткізбеді. Оның басты мұғалімі – өмір.

1897 жылы Мұхамеджан Сералин Троицк қаласындағы зауытқа жүн сұрыптаушы болып жұмысқа тұрды. Зауытта еңбектеніп жүріп, қала кітапханаларындағы бүкіл орыс классикалық әдебиетін оқып шықты.

Сонымен бірге, қазақ халқының ауыз әдебиетін зерттей отырып, өзі де өлеңдер жаза бастады. Орыс, парсы, татар тілдерін жетік меңгерді. Осы уақытта «Топжарған» және «Гүлһашима» поэмаларын жазды.

Мұхамеджан Сералин патша әкімшілігінің көптеген ұйымдарына барып, «Айқап» журналын шығаруға рұқсат сұрайды.

1910 жылдың аяғында үкімет М. Сералиннің өтінішін қанағаттандырып, алғашқы қазақ журналының шығаруына рұқсатын берді. Рұқсат қағазында былай деп жазылған: «Қостанай уезінің №5 Шұбар болысының қырғызы М. Сералинге өзінің жауапкершілігімен Троицк қаласында ай сайынғы «Эй-Кафь» журналын шығаруға рұқсат беру. Журналдың бағдарламасы: озық мақалалар, шетел жаңалықтары, мұсылман ғұмырындағы мәселелер, жылнама, фельетондар және өлеңдер, библиография мен ғылыми мақалалар, редакцияға жазылған хаттар». [1]

«Айқап» журналының мұқабасы

Журналистика саласында еңбек өтілі жоқ болғанымен, Сералин өзінің өмір тәжірибесін пайдаланып, халық арасындағы кедейшілік жағдайын ескеріп, іске кіріскен.

«Айқап» журналы – бұл кездегі адамдар үшін ерекше құбылыс. Әлеуметтік теңсіздік халыққа ауыр әсер еткен еді. Бұл көп адамдардың көкейінде жүрсе де, ештеңе өзгерте алмайтынын білген.

Бірен-саран адамдардың қолынан ешнәрсе келмеді. Жаяудың үні шықпас, жалғыздың шаңы шықпас. Сондықтан зиялы қауымға жаңа жол таңдау қажет болды. Мақсатқа жету үшін өз басылымын ашу керек еді. Осылайша «Айқап» журналы құрылған.

Мұхамеджан Сералин тілшілер және ақпарат беретін адамдарды жинады. «Айқап» журналы қызметкерлерінің қатарына көрнекті тұлғалар кірді: Жиһанша Сейдалин, Спандияр Көбеев, Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Сәбит Дөнентаев, Молдағали Жолдыбаев, Есенғали Хасболатов және басқалар. [2]

1915 жылға дейін шыққан «Айқап» журналының барлық сандарын қарап шықсаңыз, мерзімдік басылымның сапасы өте жоғары болғандығына көзіңіз әбден жетеді. Арнайы оқу орнында білім алмаған Сералиннің кәсіби тілшілерден айырмашылығы жоқ. Әр мақаланың мазмұны және тақырыбы терең әрі жан-жақты ойластырылған.

Осылайша, мерзімдік басылымды шығарып жүрген Сералин өз халқына қызмет еткен. Ол алғашқы қазақ журналының редакторы әрі басқарушысы. Мұхамеджан Сералин қазақстандық журналистикада ірі жетістіктерімен өз қолтаңбасын қалдырған. Сол себептеп де оны қазақ журналистикасының атасы деп атауға толық құқығымыз бар.

Сонымен қоса, Мұхамеджан Сералин – «Егемен Қазақстан» қазіргі республикалық газеттің негізін қалаушы, «Ауыл» (қазіргі кезде «Қостанай таңы») газетінің редакторы. «Айқап» журналы сол кездегі қазақ зиялыларына ана тілінде ойлау және жазуды үйреткен. Мұхамеджан Сералин бүкіл ғұмырын журналға арнаған.

Әдебиеттер тізімі:

1.Абдухаимов Е.Ф."Қазақстанның қазіргі заман тарихы"Шымкент 2021,78-бет 2.Нурпеисов К.Н"Алашорда және Алаш"Алматы 2009,135- бет

УДК 378.096:004

INNOVATIVE PEDAGOGICAL TECHNOLOGIES

Abiyeva D.N., Khassanova U.A., Senior teachers of foreign languages department
South Kazakhstan medical academy, Shymkent

Summary

The article emphasizes the role of innovative pedagogical technologies in the educational process of the university as one of the factors in the professional training of students, as well as the formation of key competencies of future specialists.

The role of innovative pedagogical technologies is accentuated in educational process as one of the ways of attainment of foundation crisis

With the help of use of new information technologies in teaching student can be considered as the central figure in the educational process. Teacher ceases to be the main source of information, it they organize independent activity of students, manage it, and correct educational and upbringing process, assuming the function of assistant coach or an equal partner, depending on the task. This allows the conditions of traditional education system to develop the individual talents of students to use the latest organically educational technology.

The use of ICT contributes to the achievement of the main goal of modernizing education - improving the quality of education, ensuring the harmonious development of a person who is oriented in the information space, attached to the information and communication capabilities of modern technologies and possessing an information culture, as well as presenting the existing experience and identifying its effectiveness.

At the moment graduates of high school are required not only knowledge of a wide variety of sciences as the ability to adapt in a rapidly changing world , the ability to quickly find the necessary

information to process and organize, and creatively interpret it. Need to expand the horizons of students raise their cultural education, to develop language and communication skills. Therefore, there is need for a traditional education of modern information technologies to implement the principles of student-centered learning.

Use of ICT in the classroom allows to diversify the forms of work activities students intensify attention, increases creativity personality.

Experience in the application of ICT in schools has shown that:

a) the information environment of the school open, including various forms of distance education, significantly increases the motivation of students to study various subjects, especially with the use of project-based;

b) computerization of education attractive to the student that the school removed the psychological stress communication by moving from subjective relations " teacher-student " relationship to the most objective " student -to-computer - teacher", increases the efficiency of student labor, the share of creative works, the possibility of expanding in further education on the subject in school, and in the future a conscious choice of university, a prestigious job;

c) computerization of teaching attractive for teachers that improves the performance of his work, improves overall information culture teacher.

The technology of problem-based learning involves the organization, under the guidance of a teacher, of independent search activities of students to solve educational problems, during which students form new knowledge, skills and abilities, develop abilities, cognitive activity, curiosity, erudition, creative thinking and other personally significant qualities.

Problem-based learning technology, like other technologies, has positive and negative sides.

Advantages of problem-based learning technology: contributes not only to the acquisition by students of the necessary system of knowledge, skills and abilities, but also to the achievement of a high level of their mental development, the formation of their ability to independently acquire knowledge through their own creative activity; develops interest in academic work; provides lasting learning outcomes.

Disadvantages: a large amount of time spent on achieving the planned results, poor control over the cognitive activity of students.

A problematic situation in learning has a teaching value only when the problematic task offered to the student corresponds to his intellectual capabilities, helps to awaken the students' desire to get out of this situation, to remove the contradiction that has arisen.

Thus, the state policy in the field of education informatization was decisive in improving the national model of education of the Republic of Kazakhstan. One of the alternative and effective ways of studying and acquiring new knowledge is the technology of workshops. It is an alternative to the class-lesson organization of the educational process. It uses the pedagogy of relationships, comprehensive education, learning without rigid programs and textbooks, the method of projects and immersion methods, non-judgmental creative activity of students. The relevance of the technology lies in the fact that it can be used not only in the case of studying new material, but also when repeating and consolidating previously studied material.

References

1. Denicheva L.O., Glazkov G.A., K.A. Krasnyanskaya. 2008. Proficiency testing of high school graduates in the evaluation of educational achievement in mathematics.
2. Ivanov D.A. 2008. Competence and competence-based approach in modern education.
3. Canale M. & Swain M. Theoretical bases of communicative approaches to second language teaching and testing.

УДК 378.096:004

FORMATION OF STRATEGIC COMPETENCES AT TEACHING THE MONOLOGIC SPEECH IN PROJECT-BASED LEARNING

Khassanova U.A., Kanibekova M.
South Kazakhstan medical academy, Shymkent

Summary

In modern higher education, there was a change in the educational paradigm, when the emphasis shifted to the formation of competencies. The introduction of educational technology in the process of monological speaking skills formation, Learning monologic speech in project-based learning - extremely difficult, and the question - response exercises is not the most adequate teaching tool. The including a set of methods and techniques such as peer review, discussion, working with the text, etc.

Keywords: educational technology (ET); speaking skills; monological speaking skills, project-based-learning

Qualitative and quantitative data analysis allowed us to determine the difference in the level of the monological speaking skills formation in experimental and control groups at all stages of the experiment conducted. The effectiveness of the developed technology is determined by the significance of the adaptation stage, the use of the peer review method, which implements the potential of students' metacognitive skills, and the possibility to change the role while evaluating students' answers. At the present stage of development of teaching foreign languages methods the problem of formation students' abilities to speak oral plays a great role. For quite a long period of development methodology as a science it has been neglected learning monologic speech. The problem of **learning monologic speech** at the beginning **stage of learning English** is one of the main problems in methods of **teaching English** language.

Discursive competence means the readiness and experience of a subject of cognition and communication to adequately participate in construction and realization of a discourse. Discursive competence reflects how "freely" an individual can be conversant in discourse and reproduce it, as well as how easily s/he can change the discourse without damaging its coherence.

Strategic Competence refers to a person's ability to keep communication going when there is a communication breakdown or to enhance the effectiveness of the communication. It means being able to get one's message across through use of repetition, volume, or many of the other ways listed below. This ability is especially important to lower level English language learners.

Project-based-learning is an attempt to create new instructional practices that reflect the environment in which children now live and learn. It is useful to classify Project-based-learning in terms of widely acknowledged teaching styles and categories, i.e. student vs. teacher-centered approach and liberal, democratic and authoritative style. It was mentioned in previous chapters that Project-based-learning is essentially student oriented. A special attention devoted to the division of rights and responsibilities gives evidence of a democratic essence of Project-based-learning. The largest single factor in successful project work is the teacher's belief in and commitment to this method of working. Then it must be ensured that students are mature enough to work in this way and prepared thoroughly in advance. Students' speech in both forms may be of two kinds: prepared and unprepared. Here teacher can use PBL with discursive and strategic competences.

The pupil's speech is considered unprepared when, without any previous preparation. For this purpose the teacher can use following examples in Project-based-learning with strategic and discursive competences:

1. Speak on a subject suggested by the teacher. For example, the teacher writes the words in sheet of papers (one word each of paper) on suggesting theme. Pupils choose one and tell their association with particular word.

2. Speak on the text heard. For example, pupils listened to the text "Great Britain" (there is a map of Great Britain on the wall). The teacher asks them (in turn) to come up to the map and speak on Great Britain.

While speaking pupils can use the information they have just received or appeal to their knowledge about the country.

3. Discuss a problem or problems touched upon in the text read or heard. For example, pupils read about education in Kazakhstan. After the teacher makes sure that his pupils understand the text and have a certain idea of the system of education in Kazakhstan, he arranges a discussion on the problem. He asks his pupils to choose head of State University and pupils write him monologic speech together in a project for deciding a problem. And this student tells a decision of a problem with his speech.

4. Have an interview with "a foreigner". For example, pupils are studying the topic "London.". The teacher may arrange an interview. One of the pupils is "a Londoner". The classmates ask him various questions and express their opinions on the subjects under discussion.

There are, of course, other techniques for stimulating pupils' unprepared monologic speech. The teacher chooses the techniques most suitable for his pupils since he knows their aptitudes, their progress in the language, the time he has at his disposal for developing speaking skills, the concrete material at which pupils are working. There is great role of teacher as motivator and learners' interest. The project is suitable for learners of an intermediate level, but with slight changes it can be practiced with students of other levels as well. Similarly, the activities and tasks are carried out by students of one class, but the lesson plans may be adapted, for example, as a whole-school project. Evidently, PBL is a flexible approach. It seems that teaching the monologic speech in project-based learning demonstrates all the contributions of traditional English as Foreign Language techniques together with modern progressive teaching approaches and ideas. Simply, it appears to be a miraculous method how to overcome common drawbacks and problems that many teachers stand up to. The goal of the competence approach is to improve the quality of education, which is impossible without the use of educational technologies that guarantee a steady effective result. The priority of teaching foreign languages to future lawyers is the foreign speaking skills formation in general and the monological ones in particular.

References

1. Nunan D. Language Teaching Methodology.
2. Фокина К.В. Методика преподавания иностранного языка. - М.,2008.
3. Canale M. & Swain M. Theoretical bases of communicative approaches to second language teaching and testing. Applied Linguistics

УДК 378.096:004

"NON-TRADITIONAL" LESSONS AS ONE OF THE FORMS OF DEVELOPMENTAL EDUCATION

Khassanova U. A., Abiyeva D.N. Senior teachers of foreign languages department
South Kazakhstan medical academy, Shymkent

Non-traditional forms of the lesson are an opportunity to develop your creative abilities and personal qualities, evaluate the role of knowledge and see its application in practice, and feel the relationship between different sciences.

The modern education system provides the teacher with the opportunity to choose among a variety of innovative methods that will allow you to take a fresh look at familiar things, help equip students not only with knowledge, but also with skills, and develop the cognitive independence of students. New educational standards, meeting the requirements of the time, shift the focus to the formation of the student's personal qualities of the creator and creator, his spiritual and moral education. Radical changes are taking place, among other things, in teaching methods (from explanatory to activity)

In the new educational standard, the emphasis is shifted from the minimum content to the requirements for the result of education. As a result of studying all the subjects of the basic school without exception, personal, regulatory, communicative and cognitive universal educational activities, educational (general and subject) and general user ICT competence of students, which make up the psychological, pedagogical and instrumental foundations for the formation of the ability and readiness to master systematic knowledge, their independent replenishment, transfer and integration; ability to cooperate and communicate.

The place of developmental education in the education system. The main problem associated with the study and introduction of a new standard is the development of new educational technologies by teachers. Such technologies are embedded and well developed in the system of developmental education. The most widespread at present are the so-called "non-traditional" lessons, as one of the forms of developmental education, where the development of cognitive interest is taken as a basis. With all the variety of methodological approaches, the idea of developmental education that contributes to the development of the intellect and abilities of students comes to the fore.

It is possible to single out two extreme types of learning technologies, between which there is a whole range of practically implemented ones: knowledge-summing and intellect-developing technologies (hereinafter simply summing and developing technologies). The first type is focused on the accumulation of a sum of knowledge (data and algorithms), in the second, specific knowledge is primarily a means of forming a knowledge system (model of the world) and practicing cognitive operations on it. Within summative technologies, the accumulation of specific knowledge is the goal of learning.

For developing technologies, specific knowledge is, first of all, a means of achieving the main goal - the development of human intellectual capabilities. In no way denying the need and usefulness of specific knowledge, we only emphasize that the process of obtaining it should be structured in such a way that, at the same time, the intellectual capabilities of a person are purposefully developed and improved. It is this learning technology that we call developmental technology.

The style of educational cooperation can vary within fairly wide limits - from easy-confiding to hard-demanding, but its essence always remains the same: the teacher does not lead the student, but only helps him determine the next goal and find the best path to it. In order for each individual student to act as a subject of educational and search activity, he must interact not only with the teacher, but also with other similar subjects. This means that a student can be the subject of learning if he acts not next to other students, independently of them, but together with them, if his activity is deployed within the framework of a collective educational dialogue.

The ability to organize and maintain a collective educational dialogue is, I think, the most difficult component of a teacher's methodological skill. The optimal form of the educational process, which allows organizing the search activity of students and thereby realizing the goals of developmental education, is a collective dialogue, during which the content of the next educational task is determined, and ways to solve it are outlined.

References

- Teslina O. V. Project forms of work in the lesson of English /2002 — № 3.
Vasilyeva M. M. Conditions for the formation of motivation in the study of a foreign language.
Puchkova Y. Y. Games in English lessons: Methodology — M.; «Publishing House AST», 2005.
Dadabayev D. G. Features of non-traditional forms of foreign language lessons

УДК 378.096:004

ОТАНДЫҚ ТАРИХТАҒЫ АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫ ЖӘНЕ ҰЛТ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ ЕҢБЕКТЕРІ

Нұрсейіт Б. – 1 курс, ОҚМА Медицина факультеті, Шымкент, nurseitbalzan@gmail.com
Қабыл А.Ә. – аға оқытушы, ОҚМА, Шымкент, Algabek-kabil@mail.ru

